

Құпия ақпаратты қорғау саласындағы кейбір халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасынан құзыретті органды айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 670 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасынан құпия ақпаратты қорғау саласындағы мынадай халықаралық шарттар бойынша іске асыруға жауапты құзыретті (үйлестіруші) орган б о л ы п а й қ ы н д а л с ы н :

1) 2003 жылғы 4 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы құпия материалдардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісім;

2) 2004 жылғы 7 шілдеде Оралда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы к е л і с і м ;

3) 2008 жылғы 8 ақпанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісім;

4) 2010 жылғы 5 қарашада Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау т у р а л ы к е л і с і м ;

5) 2011 жылғы 1 маусымда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау т у р а л ы к е л і с і м ;

6) 2015 жылғы 19 мамырда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы к е л і с і м ;

7) 2016 жылғы 21 қаңтарда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау т у р а л ы к е л і с і м .

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тиісті мемлекеттерді қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б.Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК